

Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесін және олардың сақталу мерзімдерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 66 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 мамырда № 13710 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"

1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесі және олардың сақталу мерзімдері белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерде сақталуға жататын құжаттардың тізбесін, оларды сақтау мерзімін белгілеу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы № 320 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3841 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерде сақталуға жататын құжаттардың тізбесін, оларды сақтау мерзімін белгілеу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы № 320 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2007 жылғы 16 шілдедегі № 208 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4931 тіркелген).

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

_____ А. Мұхамедиұлы

2016 жылғы 15 сәуір

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 29 ақпандағы
№ 66 қаулысына
қосымша

Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында сақталуға тиіс негізгі құжаттар тізбесі және олардың сақталу мерзімдері

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 195 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Тармақ нөмірі	Құжат түрі (оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттар)	Сақтау мерзімі		Ескерту
		бас банкте	филиалдарда, өкілдіктерде	
1	2	3	4	5
1. Басқару жүйесін ұйымдастыру				
1. Басқару қызметі				
1	Банк акционерлері жалпы жиналыстарының хаттамалары, стенограммалары (аудиовизуалды жазбалар), шешімдері, оларға қоса берілетін құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, баяндамалар, ақпарат, баянжазбалар, мәліметтер, үзінді-көшірмелер, дауыс беру бюллетендері және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қажет болғанға дейін	Мәлімет үшін жіберілгендер – қажет болғанға дейін. Дауыс беру бюллетендері – банктің қызметі тоқтатылғанға дейін
2	Банктің атқарушы органының хаттамалары, стенограммалары (аудиовизуалды жазбалар), қаулылары, оларға қоса берілетін құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, баяндамалар, ақпарат, баянжазбалар, мәліметтер, үзінді-көшірмелер, дауыс беру бюллетендері және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қажет болғанға дейін	Мәлімет үшін жіберілгендер – қажет болғанға дейін. Дауыс беру бюллетендері – банктің қызметі тоқтатылғанға дейін

3	Банктің директорлар кеңесінің хаттамалары, стенограммалары (аудиовизуалды жазбалар), оларға қоса берілетін құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, баяндамалар, ақпарат, баянжазбалар, мәліметтер, үзінді-көшірмелер, дауыс беру бюллетендері және басқа құжаттар)	Тұрақты	Қажет болғанға дейін	Мәлімет үшін жіберілгендер – қажет болғанға дейін. Дауыс беру бюллетендері – банктің қызметі тоқтатылғанға дейін
4	Банк әзірлеген қағидалар, ережелер, нұсқаулықтар, әдістемелік нұсқаулар, ұсынымдар	Тұрақты	Жаңасына ауыстырылғанға дейін	
5	Сапа менеджментінің стандарттары	5 жыл СТК	-	
6	Қағидаларды, ережелерді, нұсқаулықтарды, әдістемелік нұсқауларды, ұсынымдарды және сапа менеджментінің стандарттарын қолдану жөнінде хат алмасу	5 жыл СТК	-	
7	Мемлекеттік органдарға енгізілген бастамалық ұсыныстар, оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар (баянжазбалар, қорытындылар, анықтамалар және басқа құжаттар)	Тұрақты	-	
8	Банк басшыларының бұйрықтары, өкімдері және олар бойынша құжаттар (анықтамалар, мәліметтер, ақпарат, баянжазбалар, және басқа құжаттар): 1) негізгі қызмет бойынша (нормативтік құқықтық бұйрықтарды қоспағанда);	Тұрақты	Тұрақты	Мәлімет үшін жіберілгендер – қажет болғанға дейін
	2) жеке құрам бойынша (қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын), аттестаттау, біліктілігін арттыру, атақ (шен) беру, тегін өзгерту, көтермелеу, марапаттау, еңбекақы төлеу, сыйлықақы төлеу, төлемдер, жәрдемақылар, еңбек жағдайлары ауыр, зиянды (

	аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) қызметкерлер демалыстарының барлық түрі, жыл сайынғы еңбек демалыстары, әлеуметтік демалыстар, шетелдік ұзақ іссапарлар, еңбек жағдайлары ауыр, зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) қызметкерлердің іссапарлары бойынша;	75 жыл СТК	75 жыл СТК	
	3) ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша;	5 жыл	5 жыл	
	4) республика ішіндегі және шетелге қысқамерзімді іссапарлар бойынша	5 жыл СТК	5 жыл СТК	
9	Банк басшысы бұйрықтарының, өкімдерінің жобалары, банк басшысының бұйрықтарына негіздемелер	1 жыл	1 жыл	
10	Банк басшылары бұйрықтарының, өкімдерінің орындалуы туралы құжаттар (анықтамалар, баяндамалар, есептер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл СТК	5 жыл СТК	
11	Банк қызметінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдарымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен хат алмасу	5 жыл СК	5 жыл СК	
12	Қызметтің негізгі (салалық, бейінді) бағыттары бойынша қаржы және басқа ұйымдармен хат алмасу	5 жыл СК	5 жыл СК	
13	Банктің үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынастар жасау кезінде және соттарда мүддесін білдіруге берілген сенімхаттар	3 жыл*	3 жыл*	*Сенімхат мерзімі аяқталғаннан кейін
14	Банк қызметкерлері және шетелдік консультанттар үшін консулдық құжаттарды ресімдеу жөніндегі құжаттар (өтінімдер, анықтамалар, банк өкімдері)	10 жыл	10 жыл	
1.2. Бақылау				

15	Банктің, оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне уәкілетті мемлекеттік органдар, аудиторлық ұйымдар және ішкі аудит жүргізетін ревизиялардың және тексерулердің құжаттары (баяндамалар, баянжазбалар, анықтамалар, актілер, қорытындылар, есептер, қарсылықтар, хат алмасу)	Тұрақты	Тұрақты	
16	Тексерулердің, ревизиялардың қорытындылары бойынша ұсыныстарды орындау туралы құжаттар (баянжазбалар, есептер, анықтамалар, хат алмасу)	5 жыл СТК	5 жыл СТК	
17	Банк жүргізетін ревизиялардың, тексерулердің құжаттары (актілер, анықтамалар, хат алмасу)	5 жыл СК	5 жыл СК	
18	Қызметтік тексерулер бойынша құжаттар (актілер, анықтамалар, хат алмасу)	5 жыл СК	5 жыл СК	
19	Құжаттар (қуыным өтініштер, сенімхаттар, актілер, өтінімхаттар, шағымдар, (апелляциялық және қадағалау), хаттамалар және басқа құжаттар	5 жыл*	5 жыл*	* Ш е ш і м шығарылғаннан кейін
20	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, оларды орындау жөніндегі: 1) шығармашылық сипаттағы ұсыныстар, елеулі кемшіліктер, сыбайлас жемқорлық және қызмет бабын теріс пайдалану фактілері туралы мәліметтер бар;	Тұрақты	Тұрақты	
	2) жеке сипаттағы;	5 жыл СТК*	5 жыл СТК*	*Бірнеше мәрте өтініш берген жағдайда – соңғы қарағаннан кейін 5 жыл
	3) жедел сипаттағы құжаттар (анықтамалар, мәліметтер, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл	5 жыл	

21	Жүргізілген ревизияларды (тексерулерді) есепке алу және жүзеге асырылған ревизиялар (тексерулер) қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау журналдары	5 жыл	5 жыл	
22	Банк басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестелері	3 жыл	3 жыл	Жаңасына ауыстырылғаннан кейін
1.3. Басқарудың ұйымдастырушылық негіздері				
23	Заң істері: 1) банктердің, банк холдингтерінің ірі қатысушыларының;	Тұрақты	Жаңасына ауыстырылғанға дейін	*Шот жабылғаннан кейін
	2) банк клиенттерінің	5 жыл СК*	5 жыл СК*	
24	Банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алуға қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның келісімі	Тұрақты	-	
25	Банктің құрылтай құжаттары (құрылтай шарты, жарғысы, оған толықтырулар мен өзгерістер)	Тұрақты	Жаңасына ауыстырылғанға дейін	
26	Банкке берілген лицензиялар	Лицензия-дан айырғанға дейін	-	
27	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен банктің еншілес ұйымдарын құруға немесе сатып алуға рұқсат беру (беруден бас тарту, кері қайтарып алу) мәселелері бойынша хат алмасу	Тұрақты	Банктің еншілес ұйымдарының қызметі тоқтатылғанға дейін	
28	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен банктің басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға)	Тұрақты		

	келісім беру (беруден бас тарту, кері қайтарып алу) мәселелері бойынша хат алмасу		-	
29	Банктің тұрақты жұмыс істейтін комиссиялары туралы ереже	Тұрақты	Жаңасына ауыстырыл-ғанға дейін	
30	Банктің акционерлері туралы мәліметтер, банк акционерлерінің тізілімі және оларға өзгерістер, акционерлердің тізілімінен тіркеушінің үзінді-көшірмелері	Тұрақты	Тұрақты	
31	Үлестес тұлғалардың, дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізімдері	Тұрақты	Тұрақты	
32	Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың банкпен мәміле жасауға өтінімдері	5 жыл СК*	5 жыл СК*	*Шарт бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан және шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
33	Банктермен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер туралы ақпарат	5 жыл СК*	5 жыл СК*	*Шарт бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан және шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
34	Акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары және банктердің жарғылық капиталын қалыптастыру туралы мәліметтер	5 жыл*	5 жыл*	* С а л ы қ органдарының ревизияны аяқтауы шартымен акцияларға меншік құқығы өткеннен кейін
35	Банктің аудитін жүзеге асыруға арналған шарттар	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
36	Банктің, оның құрылымдық бөлімшелерін қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту туралы құжаттар (есептер, актілер, хат алмасу, баянжазбалар, қорытындылар және басқа құжаттар)	Тұрақты	Тұрақты	
	Банктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің басшы			

37	қызметкерлері жөніндегі құжаттары (анықтамалар, актілер, хат алмасу)	10 жыл СК	10 жыл СК	
38	Банктің алқалы, консультативтік-кеңесші, бақылау, ғылыми, сараптау, әдістемелік органдары туралы ережелер	Тұрақты	Тұрақты	
39	Банктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер	Тұрақты*	Тұрақты*	* Жаңасына ауыстырылғаннан кейін
40	Қарыз шарттарын тіркеу кітаптары	Тұрақты	Тұрақты	
41	Банктің штат кестесі, штат кестелеріне өзгерістер	Тұрақты	Тұрақты	
42	Штаттық орналастыру (қызметкерлердің штаттық-тізімдік құрамы)	75 жыл	75 жыл	
43	Штат кестелерінің жобалары, оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, баянжазбалар)	5 жыл	3 жыл	
44	Мыналар ауысқан кездегі қабылдау-өткізу актілері және оларға қосымшалар: 1) банктің басшы қызметкерлері;	Тұрақты	Тұрақты	
	2) материалдық жауапты тұлғалар;	5 жыл	5 жыл	
45	Банк акционерлерінің жалпы жылдық жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімдері	Тұрақты	Тұрақты	
46	Лауазымдар номенклатурасы	Тұрақты	Қажет болғанға дейін	
47	Лауазымдық нұсқаулықтар	3 жыл*	3 жыл*	* Жаңасына ауыстырылғаннан кейін
48	Интернет-ресурсты әзірлеу және қолдау бойынша құжаттар (ұйымның міндеттері, функциялары, құрылымы туралы мәліметтер, хат алмасу)	5 жыл СТК	-	
49	Иссапарлар туралы құжаттар (бағдарламалар, жоспарлар-тапсырмалар, хат	5 жыл	5 жыл	

	алмасулар, баяндамалар, анықтамалар, есептер): 1) республика ішіндегі;			
	2) шет елге	5 жыл СК	5 жыл	
50	Банктердің еншілес ұйымдарының құрылтай құжаттары (жарғы, құрылтай шарты, оларға толықтырулар мен өзгерістер)	5 жыл*	5 жыл*	* Жаңасына ауыстырылғаннан кейін
51	Банктің акционерлерімен акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу мәселелері жөніндегі хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
52	Дивидендтер есептеу жөніндегі құжаттар (есептер, анықтамалар, қорытындылар)	5 жыл*	5 жыл*	* С а л ы қ органдарының ревизияларды аяқтауы шартымен
53	Банктің акционерлерінен акцияларды сатып алу бойынша құжаттар (қорытындылар, анықтамалар, хат алмасу)	5 жыл*	5 жыл*	* С а л ы қ органдарының ревизияларды аяқтауы шартымен
54	Банктің еншілес ұйымдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен олардың негізгі қызметінің мәселелері жөнінде хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
55	Заңды және жеке тұлғалардың берешегі туралы құжаттар (есепке алу кітабы, есеп айырысулар және басқа құжаттар)	5 жыл*	5 жыл*	*Берешекті өтегеннен кейін
56	Банктің тіркеушісімен банк акцияларын есепке алу мәселелері жөнінде хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
57	Банк акционерлерінің құқық белгілейтін құжаттары, қаржылық есептілігі және өзге де құжаттары (құрылтай шарттары, жарғылар, акцияларды сатып алу-сату шарттары)	5 жыл СК	5 жыл СК	
	Борышкердің активтерін сату туралы құжаттар (өкімдер, өтінімдер, сату жоспарлары, тізімдер, сатып			Жылжымалы мүлік (жиһаз, автокөлік,

58	алу-сату шарттары, тәуелсіз бағалаушылардың есептері, хат алмасу) және басқа да құжаттар	Тұрақты	Тұрақты	ұйымдастыру техникасы және басқа мүлік) - 5 жыл ЭСК
1.4. Банк қызметін құқықтық қамтамасыз ету және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізу өндірісі				
59	Мүлікті тіркеу, жерге, ғимаратқа меншік құқығы туралы туралы куәліктер	Тұрақты	Тұрақты	
60	Заң қызметін көрсететін ұйымдардың банкке қызмет көрсету туралы шарттары (келісімдер мен келісімшарттар)	5 жыл*	5 жыл*	*Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
61	Анықтау, алдын ала тергеу органдарының және атқарушы өндіріс органдарының сот санкция берген қаулылары, сондай-ақ банк клиентінің банктегі ақшасына және басқа да мүлкіне тыйым салу және оны алу туралы соттардың қаулылары, шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары	5 жыл*	5 жыл*	*Тыйым салу алынғаннан кейін
62	Соттардың банк қызметінің мәселелері жөніндегі қаулылары, шешімдері, ұйғарымдары, үкімдері	5 жыл СК	5 жыл СК	
63	Уәкілетті органдардың және лауазымды тұлғалардың банк клиенттерінің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері	5 жыл*	5 жыл*	* Ш ы ғ ы с операцияларын тоқтату себептері жойылғаннан кейін
64	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банктерге қатысты шектеулі ықпал ету шараларын, қадағалап ден қою шараларын, әкімшілік құқық бұзушылық істерін және (немесе) санкциялар қолдану мәселелері бойынша құжаттар (баянжазбалар, анықтамалар, хат алмасу)	5 жыл	5 жыл	
65	Қуынымдарды есепке алу журналдары	5 жыл*	5 жыл*	*Сот қуынымдар бойынша соңғы шешімдер шығарғаннан кейін

66	Уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттың (істің) алынғанын растайтын актілері	5 жыл*	5 жыл*	*Құжат, іс қайтарылғаннан немесе шот жабылғаннан кейін
67	Түпнұсқаларын құқық қорғау органдары және соттар алған қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі құжаттардың көшірмелері	Қажеттілігі өткенге дейін	Қажеттілігі өткенге дейін	
68	Шарттарды құқықтық сараптау жөніндегі құжаттар (қорытындылар, анықтамалар, хат алмасу)	10 жыл*	10 жыл*	*Шарт бойынша барлық міндеттеме орындалғаннан және оны қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
69	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құжаттар (хаттамалар, актілер, нұсқамалар, хат алмасу және басқа құжаттар)	5 жыл	5 жыл	
1.5. Құжаттамалық қамтамасыз ету және құжаттардың сақталуын ұйымдастыру				
70	Тарих жөніндегі картотека	Тұрақты*	Тұрақты*	*Тұрақты мемлекеттік сақтауға банк таратылған кезде құқық мирасқорынсыз өткізіледі
71	Екінші деңгейдегі банк мұрағатының мұрағат қорының ісі (тарихи анықтамалар, мұрағат қорларының іс жүргізу аяқталған парақтары, істерді мемлекеттік мұрағатқа тұрақты сақтауға қабылдау-өткізу актілері, сақтауға жатпайтын құжаттарды жою үшін бөлу актілері, істер мен құжаттардың болуын және жай-күйін тексеру актілері, түзетілмейтін бүлінген істер туралы актілер және мұрағат қорымен жұмысты көрсететін басқа құжаттар)	Тұрақты*	Тұрақты*	*Тұрақты мемлекеттік сақтауға банк таратылған кезде құқық мирасқорынсыз өткізіледі
72	Іс номенклатурасы: 1) банктің;	Тұрақты	Тұрақты	
	2) құрылымдық бөлімшелердің	5 жыл	5 жыл	

73	Тіркеуді есепке алу карточкалары (журналдары): 1) бұйрықтарды, нұсқауларды, өкімдерді, қағидаларды, нұсқаулықтарды, ережелерді, жарғыларды;	Тұрақты	Тұрақты	
	2) келіп түсетін және жіберілетін құжаттарды, оның ішінде электрондық почта арқылы	3 жыл	3 жыл	
74	Қатаң есептегі қызметтік бланкілерді есепке алу журналдары (кітаптары), ведомостары	5 жыл	5 жыл	
75	Банктердің қызметі нәтижесінде қалыптасатын құжаттардың тізбесі (сақтау мерзімін көрсете отырып)	Тұрақты	Жаңасына ауыстырылғанға дейін	
76	Іс тізімдемелері*: 1) тұрақты сақталатын;	Тұрақты*	Тұрақты*	*Құрылымдық бөлімшелер – істердің жиынтық тізімдерінің жылдық бөлімінде Қазақстан Республикасының республикалық мемлекеттік мұрағатының, жергілікті атқарушы органның сараптамалық-тексеру комиссиясы бекіткеннен кейін 3 жыл. *Бекітілмегендері – қажет болмағанға дейін
	2) жеке құрам бойынша;	Тұрақты*	Тұрақты*	*Тұрақты мемлекеттік сақтауға банк таратылғаннан кейін өткізіледі
	3) уақытша сақталатын	3 жыл*	3 жыл*	*Істер жойылғаннан кейін
77	Жоюға арналған құжаттарды бөлу актілері	Тұрақты*	Тұрақты*	*Мемлекеттік мұрағатқа өткізілмейді
78	Құжаттар мен істерді мемлекеттік сақтауға қабылдау-өткізу актілері	Тұрақты	Тұрақты	
	Сараптама комиссиясы отырыстарының банк			

79	құжаттарының құндылығына олардың сақтау мерзімін анықтау үшін сараптама жүргізу жөніндегі хаттамалары	Тұрақты	Тұрақты	
80	Іс қағаздарын жүргізудің және мұрағат ісінің әдістемелік және ұйымдық мәселелері жөнінде хат алмасу	3 жыл	3 жыл	
81	Банктің ведомстволық (жеке) мұрағатынан құжаттарды беруге өтінімдер (тапсырыстар)	1 жыл	1 жыл	
82	Банктің ведомстволық (жеке) мұрағатынан құжаттарды уақытша пайдалануға беру актілері	3 жыл*	3 жыл*	* Құжаттар ведомстволық (жеке) мұрағатқа қайтарылғаннан кейін
83	Заңды және жеке тұлғалардың мұрағат анықтамаларын, көшірмелерді, құжаттардан үзінді-көшірмелер беру туралы өтініштері, сұратулары, оларды беру жөнінде хат алмасу	3 жыл	3 жыл	
84	Банктің ведомстволық (жеке) мұрағаты туралы ереже	Тұрақты	5 жыл*	* Жаңасына ауыстырылғаннан кейін
85	Банктің ведомстволық (жеке) мұрағатының паспорты	Тұрақты*	Тұрақты*	* Мемлекеттік мұрағатқа өткізілмейді
86	Банктің ведомстволық (жеке) мұрағаты құжаттардың келіп түсуін және шығарылуын есепке алу журналы	Тұрақты*	Тұрақты*	* Мемлекеттік мұрағатқа өткізілмейді
2. Болжау, жоспарлау және кредиттік-қаржы мәселелері				
2.1. Болжау және жоспарлау				
87	Банкті дамытудың перспективалық жоспарлары, оларды әзірлеу жөніндегі құжаттар	Тұрақты	Қ а ж е т болмағанға дейін	
88	Банктің бизнес-жоспарлары және олардың экономикалық негіздемелер:	Тұрақты	Тұрақты	
	1) жылдық;			
	2) тоқсандық	5 жыл	5 жыл	

89	Бизнес-жоспарларды әзірлеу жөніндегі құжаттар (есептер, қорытындылар, анықтамалар)	5 жыл	5 жыл	
90	Филиалдардың, өкілдіктердің жұмыс жоспарлары :	3 жыл	3 жыл	
	1) жылдық;			
	2) жартыжылдық;	1 жыл	1 жыл	
	3) тоқсандық;	1 жыл	1 жыл	
	4) айлық	1 жыл	1 жыл	
91	Болжау және жоспарлау мәселелері жөніндегі хат алмасу	5 жыл СК	5 жыл СК	
92	Сыйақы мөлшерлемелерін және комиссиялық сыйақы тарифтерін әзірлеу жөніндегі құжаттар (анықтамалар, есептер, негіздемелер)	5 жыл	5 жыл	
2.2. Кредиттік-қаржы мәселелері				
93	Қарыздар беру туралы шарттар (келісімдер) және оларға қоса берілетін құжаттар (өтінімхаттар, қорытындылар, хат алмасу, өтініштер, анықтамалар, өкімдер, кепілгерлік)	10 жыл*	10 жыл*	*Шарт бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін және салық органдары ревизияларды аяқтаған жағдайда
94	Екінші деңгейдегі банктердің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес ұсынатын қаржылық және өзге есептілігі:	Тұрақты	Тұрақты	*Салық органдары ревизияларды аяқтаған жағдайда, жылдық болмаған кезде - тұрақты
	1) жылдық;			
	2) тоқсандық;	5 жыл*	5 жыл*	
	3) ай сайынғы;	1 жыл	1 жыл	
	4) апта сайынғы;	1 жыл	1 жыл	
	5) күн сайынғы	1 жыл	1 жыл	
95	Мемлекеттік борыш құрамындағы қарыздарды қайтару және осы қарыздар бойынша сыйақы туралы құжаттар (анықтамалар, есептер, қорытындылар)	Тұрақты	Тұрақты	
	Кредиттік-экономикалық мәселелерді зерттеу, қарыздарды орналастыру мен тартуды талдау			

96	бойынша құжаттар (бағдарламалар, кестелер, мәліметтер, статистикалық-талдамалық, жедел материалдар, диаграммалар, есептер, кестелер, түсіндірме жазбалар)	5 жыл СК	5 жыл СК	
97	Қарыз ресурстарын ішкі жүйелік қайта бөлу туралы мәліметтер	5 жыл*	5 жыл*	* С а л ы қ органдарының ревизияларды аяқтауы шартымен
98	Корреспондент банктердің кредиттік желілері жөніндегі құжаттары (шарттар, хат алмасу, қорытындылар)	5 жыл СК	5 жыл СК	
99	Клиенттермен қарыз қатынастарын талдау жөніндегі құжаттар (анықтамалар, шолулар, кестелер, диаграммалар, хат алмасу, жазбалар)	5 жыл СК	5 жыл СК	
100	Бұрын алынған және ұсынылған банкаралық қарыздар бойынша құжаттар (өтінімхаттар, экономикалық есептер, қорытындылар)	5 жыл*	5 жыл*	* К р е д и т қайтарылғаннан кейін
101	Жеке және заңды тұлғалар-қарыз алушылардың кредиттік досьесі (кепілсіз қарыздар бойынша): 1) қағаз тасымалдауыштағы;	5 жыл*	5 жыл*	*Шарт бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан және оның қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
	2) электрондық тасымалдауыштағы (кредиттік досьені электрондық форматпен қалыптастыру мүмкіндігі бар банктер үшін)	5 жыл*	5 жыл*	
102	Жеке және заңды тұлғалар – қарыз алушылардың кредиттік досьесі (кепілдік берілген қарыздар бойынша): 1) қағаз тасымалдауыштағы;	10 жыл*	10 жыл*	*Шарт бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан және оның қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
	2) электрондық тасымалдауыштағы (кредиттік досьені электрондық форматпен қалыптастыру мүмкіндігі бар банктер үшін)	10 жыл*	10 жыл*	

103	Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюроға ол туралы мәліметтер беруге келісімдерінің түпнұсқалары	10 жыл*	10 жыл*	*Кредиттік бюроға соңғы ақпарат ұсынылғаннан кейін
104	Кредиттік досьелерді қабылдау-өткізу актілері, кредиттік досьеден құжаттарды беру қажеттілігі негізделген қызметтік жазбалар	10 жыл СК*	10 жыл СК*	*Шарт бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан және оның қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
105	Қаржылық-консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі құжаттар (клиенттердің өтінімдері, келісімдер, шот-фактуралар, қорытындылар, актілер)	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
106	Мемлекеттік аймақтық бағдарламаларды кредиттеу жөніндегі құжаттар (Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының көшірмелері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өтінімхаттары, есептер, тапсырмалар, қорытындылар, хат алмасу)	5 жыл СК*	5 жыл СК*	*Бағдарлама іске асырылғаннан кейін
107	Конкурсты ұйымдастырушының банктік қызметті мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге беретін конкурстық құжаттамасы: 1) конкурстың жеңімпаз банкінде;	Тұрақты	Тұрақты	
	2) конкурстың қатысушы банкінде	Қажет болмағанға дейін	Қажет болмағанға дейін	
108	Банктік қызметті мемлекеттік сатып алу туралы шарттар 1) конкурстардың қорытындылары бойынша	Тұрақты	Тұрақты	*Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
	2) баға ұсыныстары негізінде	5 жыл*	5 жыл*	
	2) бір көзден	5 жыл*	5 жыл*	

109	Банктік қызметті мемлекеттік сатып алу туралы хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
110	Заңды және жеке тұлғалармен жасалған қарыз шарттарын тіркеу журналы	5 жыл*	5 жыл*	*Салық органдары ревизияны аяқтаған жағдайда
111	Қарыз алуға берілген өтінімдерді тіркеу журналы	5 жыл*	5 жыл*	*Салық органдары ревизияны аяқтаған жағдайда
112	Төлем ведомостары, төлем құжаттары, қарыз шарттары бойынша талап құқықтарын басқаға беру (қабылдау) жөніндегі хат алмасу	5 жыл*	5 жыл*	*Салық органдары ревизияны аяқтаған жағдайда
113	Кредиттік ресурстардың жай-күйі және пайдаланылуы туралы айлық, күнделікті анықтамалар, топтамалық ведомостар	5 жыл	5 жыл	
114	Өндіріп алуға үмітсіз қарыздарды есептен шығару жөніндегі құжаттар (қорытындылар, актілер, хат алмасу)	5 жыл*	5 жыл*	*Салық органдары ревизияны аяқтаған жағдайда
115	Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен берілген қарыздар бойынша, талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиесілі болатын қарыздар бойынша, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша құжаттар (өтініштер, қарыз шарттары, есеп берулер, хат алмасу және басқалар)	Тұрақты	Тұрақты	
116	Заңды және жеке тұлғалардың қарыз алу жөніндегі қабылданбаған өтінімдері, олар бойынша құжаттар (клиенттердің өтініштері/келісімдері, есептер, хат алмасу және басқалары)	1 жыл*	1 жыл*	* Ш е ш і м шығарылғаннан кейін
3. Кассалық операциялар, инкассация				
3.1. Кассалық операциялар				
	Банк құндылықтармен операцияларды жүргізетін			

117	қызметкерлермен жасасқан материалдық жауапкершілік туралы шарттар	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
118	Банк клиенттеріне кассалық қызмет көрсету бойынша шарттар	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
119	Төлемге жарамсыз және қолдан жасалған банкноттар мен монеталар туралы құжаттар (сараптама актілері, есеп берулер, хат алмасу)	5 жыл	5 жыл	
120	Банктегі кассалық жұмысты ұйымдастыруды тексеру актілері	5 жыл	5 жыл	
121	Банктердің күн соңында операциялық кассадағы қолма-қол ақшаның ең аз мөлшерде рұқсат етілген қалдығын белгілеу мәселесі бойынша құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, есептер)	5 жыл	5 жыл	
122	Қосымшаларымен бірге кассалық құжаттар (сақтау орнында сақталған құндылықтар бойынша кассалық кіріс және шығыс мемориалдық ордерлер, чектер, қолма-қол ақшаны енгізуге арналған хабарландыру)	5 жыл*	5 жыл*	*Тексеру (ревизия) жүргізу шартымен
123	Қабылданған ақша сомалары және кассаға келіп түскен касса құжаттарының саны туралы анықтамалар	5 жыл	5 жыл	
124	Берілген ақша сомасы және есебіне алынған сома туралы анықтамалар	5 жыл	5 жыл	
125	Касса айналымдары туралы жиынтық анықтамалар	5 жыл	5 жыл	
126	Құндылықтарды сақтау орнындағы ақша мен құндылықтарды, қабылданған және берілген ақшаны (құндылықтарды), бағалы металдарды есепке алу кітаптары	5 жыл*	5 жыл*	*Тексеру (ревизия) жүргізу шартымен
127	Құндылықтарды сақтау орындарының ревизиялары	5 жыл	5 жыл	

	бойынша құжаттар (актілер, анықтамалар, хат алмасу)			
128	Құндылықтарды есепке алу карточкалары	5 жыл	5 жыл	
129	Құндылықтарды қабылдау-өткізу және құндылықтар салынған жөнелтілімдерді ашу актілері	5 жыл	5 жыл	
130	Жауапты орындаушыларға берілген түбіртек кітапшаларын, қатаң есептегі бланкілерді бланкілерді есепке алу кітаптары (журналдары)	5 жыл	5 жыл	
131	Құндылықтарды сақтау орнын күзетуге қабылдау-өткізудің бақылау журналы	5 жыл	5 жыл	
132	Банкноттарды және монеталарды қайта санау мәселелері бойынша құжаттар (актілер, хат алмасу)	5 жыл	5 жыл	
133	Кассирлер жіберген қателіктер мәселелері бойынша құжаттар (актілер, хат алмасу)	5 жыл*	5 жыл*	*Зиянды өтегеннен кейін
134	Кешкі касса қабылданған ақша салынған сөмкелер мен бос сөмкелер туралы анықтамалар	3 жыл	3 жыл	
135	Касса жұмысы мен құндылықтарды сақтау мәселелері бойынша хат алмасу	3 жыл	3 жыл	
136	Банкноттардың төлемге жарамдылығын тексеруге арналған толтырылған тор көздер	1 жыл	1 жыл	
3.2. Инкассация				
137	Банк клиенттерінің ақшасын және құндылықтарын инкассациялауға және жіберуге арналған шарттар	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
138	Банктің қолма-қол ақшасын инкассациялауға және есеп айырысу-касса бөлімдеріне жіберуге арналған шарттар	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін

139	Құндылықтарды алуға, қабылдауға және жеткізуге арналған сенімхаттар	3 жыл*	3 жыл*	*Қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін
140	Инкассаторларға берілген сөмкелер және келу карточкалары туралы анықтамалар	3 жыл	3 жыл	
141	Инкассаторлар қызмет көрсететін ұйымдардың тізімдері	3 жыл	3 жыл	
142	Құжаттарды қабылдау-өткізу есепке алу журналдары	5 жыл	5 жыл	
143	Келу карточкаларын, мөрлерді, кілттерді және сенімхаттарды беру мен қабылдауды есепке алу журналдары	3 жыл	3 жыл	
144	Құндылықтар салынған қабылданған сөмкелер мен бос сөмкелерді есепке алу журналдары	3 жыл	3 жыл	
145	Берілген мөртабандар мен пломбирлерді есепке алу, оларды беруді тіркеу кітаптары	3 жыл	3 жыл	
146	Қолма-қол ақша салынған сөмкелерге ілеспе ведомостар	1 жыл	1 жыл	

4. Бағалы қағаздармен операциялар

4.1. Мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар

147	Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттары	5 жыл*	5 жыл*	*Қағаз шығарылымы өтелгеннен кейін
148	Мемлекеттік бағалы қағаздарды, оларға қоса берілген тізімдемелерді сақтауға қабылдау жөніндегі жеке шоттарды жабу	5 жыл*	5 жыл*	*Қағаз шығарылымы өтелгеннен кейін
149	Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есеп айырысулар туралы құжаттар (төлем тапсырмалары, аударымға тапсырма, өтеуге тапсырма, ведомостар, актілер мен оларға қосымшалары)	5 жыл*	5 жыл*	*Қағаз шығарылымы өтелгеннен кейін
	Мемлекеттік қысқамерзімді облигациялармен			

операциялар бойынша құжаттар:	5 жыл	5 жыл		
1) облигацияларды сатуға және сатып алуға арналған өтінімдер;				
2) бағалы қағаздар тізілімінен үзінді-көшірмелер;	5 жыл	5 жыл		
3) дилердің бағалы қағаздармен жұмыс бойынша ай сайынғы есептері;	5 жыл	5 жыл		
4) дилердің бағалы қағаздармен жұмыс бойынша туралы апта сайынғы есептері;	1 жыл	1 жыл		
5) сауда-саттық хаттамаларынан үзінді-көшірмелер;	1 жыл	1 жыл		
6) шот операторының басқару шоттары бойынша нетто-айналымнан үзінді-көшірмелері;	1 жыл	1 жыл	*Салық органдары ревизияны аяқтаған жағдайда	
7) сауда-саттықта қабылданған өтінімдердің жиынтық тізілімдері;	1 жыл	1 жыл		
8) клиенттердің, дилердің сауда-саттық бойынша енгізілген өтінімдерінің тізімдемелері;	1 жыл	1 жыл		
9) шоттар операторларының сауда-саттық қорытындылары бойынша міндеттемелері;	1 жыл	1 жыл		
10) банкаралық валюта биржаларының ақпараты;	1 жыл	1 жыл		
11) клиенттердің жеке шоттары, "ДЕПО" шоттары;	5 жыл*	5 жыл*		
12) төлем тапсырмалары;	5 жыл*	5 жыл*		
13) "Ностро" шоттары бойынша үзінді-көшірмелер;	5 жыл*	5 жыл*		
14) облигацияларды, облигациялармен жүргізілетін операциялар бойынша айналымдарды жеке есепке алу, брокерлік операцияларды, жиынтық қорытындыларды есепке алу журналдары	5 жыл*	5 жыл*		

151	Мемлекеттік бағалы қағаздардың қайталама нарығының мәселелері бойынша құжаттар (шарттар, актілер, хаттамалар, шығарылым талаптары, ДЕПО тапсырмалары)	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
4.2. Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен операциялар				
152	Бағалы қағаздар шығарылымдарының проспектілері	Тұрақты	Тұрақты	
153	Бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу бойынша құжаттар (өкімдер, хаттар, бағалы қағаздарды орналастыру және өтеу туралы есептер)	5 жыл*	5 жыл*	*Өтегеннен кейін
154	Депозиттік сертификаттарды шығару талаптары	Тұрақты	Қ а ж е т болмағанға дейін	
155	Депозиттік сертификаттарды шығару, айналысқа жіберу туралы құжаттар (ережелер, қағидалар)	Тұрақты	Қ а ж е т болмағанға дейін	
156	Бағалы қағаздарды шығару және айналысқа жіберу бойынша хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
157	Банктің бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің әрбір түрі бойынша белгіленген нысандағы есептері	Тұрақты	Қ а ж е т болмағанға дейін	
158	Клиенттердің кастодиандық шартқа сәйкес берілген мүлкін есепке алу бойынша құжаттар (шарттар, хат алмасу, тізімдемелер)	5 жыл	5 жыл	
159	Депозитарий қызметіне ақы төлеуге, акцияларды орналастырғаны үшін сыйақылар төлеуге арнаған шоттар	5 жыл	5 жыл	
160	Акцияларды сатып алу-сату туралы шарттар және оларға құжаттар (төлем тапсырмалары, есептер, өткізу өкімдері, жазылым парақтары, акцияларды сатып алуға арналған өтініш міндеттемелер)	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
	Акциялардан басқа өзге мемлекеттік емес бағалы			

161	қағаздарды сатып алу туралы құжаттар (шарттар, актілер, хат алмасу)	5 жыл*	5 жыл*	*Бағалы қағазға арналған меншік құқығы өткеннен кейін
162	Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатуға және сатып алуға арналған өтінімдер	5 жыл	5 жыл	
163	Акция ұстаушылардың тізілімдерінен үзінді-көшірмелер	5 жыл	5 жыл	
164	Банктің жеке шоттары бойынша үзінді-көшірмелер	5 жыл	5 жыл	
165	Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет түрлері бойынша клиенттердің жеке шоттары, депо шоттары, ДЕПО шоттары бойынша үзінді-көшірмелер	5 жыл	5 жыл	
166	Брокердің орындалған (орындалмаған) мәмілелер туралы айлық, тоқсандық есептері	5 жыл	5 жыл	
167	Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, айыру туралы хабарламалар	Тұрақты	Тұрақты	
168	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдары	Тұрақты	5 жыл*	*Бұзушылықтарды жойғаннан кейін
169	Анықталған Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасын бұзу бойынша құжаттар (тексеру нәтижелері туралы ақпарат, қорытындылар, есептер)	Тұрақты	5 жыл	
	Сенімгерлік басқару операциялары бойынша құжаттар (шарттар, банктік басқарудың жалпы қорларының мүлкін құрудың және			

170	сенімгерлікпен басқарудың жалпы талаптары, инвестициялық декларациялар, оларға өзгерістер мен толықтырулар, үлестік қатысу сертификаттары, сенімгерлікпен басқару шарттарын тоқтату туралы хабарламалар)	5 жыл*	5 жыл*	*Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
171	Ішкі есеп құжаттары (ережелер, нұсқаулықтар, есеп саясаты)	5 жыл	5 жыл	
172	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік актілеріне сәйкес банк жүргізуге және сақтауға тиіс өзге журналдар, құжаттар	5 жыл	5 жыл	
173	Бағалы қағаздарды шығару қағидаларын бұзу жөніндегі құжаттар (анықтамалар, мәліметтер, жазбалар, қорытынды актілер)	Тұрақты	10 жыл	

5. Сыртқы экономикалық саясат

5.1. Халықаралық байланыстар және есеп айырысулар

174	Шетелдік банктермен, халықаралық және шетелдік ұйымдармен шарттар, келісімдер, келісімшарттар, оларға өзгерістер мен толықтырулар	Тұрақты	Тұрақты	
175	Шетел банктерімен, халықаралық және шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық туралы хат алмасу	5 жыл СТК	5 жыл	
176	Халықаралық төлем ұйымдарымен есеп айырысуларға арналған транзиттік шоттар бойынша жеке шоттар	5 жыл	5 жыл	
177	Шетелдік банктердің, халықаралық және шетелдік ұйымдардың өкілдерін қабылдау жоспарлары, келу бағдарламалары	5 жыл СТК	3 жыл	
	Әңгімелесу жазбалары, шетелдік банктермен,			

178	халықаралық және шетелдік ұйымдармен келіссөздер жүргізу хаттамалары	5 жыл СТК	5 жыл СК	
179	Шетелдік банктердің, халықаралық және шетелдік ұйымдардың өкілдерін қабылдау жөніндегі баяндамалар, есептер, анықтамалар, хат алмасу	5 жыл СТК	5 жыл СК	
180	Экспорттық-импорттық валюталық бақылауға жататын келісімшарттар бойынша досье (келісімшарттардың көшірмелері, валюталық бақылау құжаттары)	5 жыл*	5 жыл*	*Келісімшартты есептік тіркеуден алған күннен бастап
181	Банк шоттарын ашу және жүргізу, инвестициялық қызмет мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
182	Шетелдік банктермен, халықаралық және шетелдік ұйымдармен есеп айырысу мәселелері бойынша құжаттар (анықтамалар, қорытындылар, хат алмасу)	5 жыл	5 жыл	
183	Шетелдік корреспондент банктердің қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжат немесе қол қою және мөр бедерінің үлгілері нұсқалары бар осындай құжат	5 жыл*	5 жыл*	*Қол қою құқығын жойғаннан кейін
184	Экспорттық және импорттық операциялар бойынша кепілдіктер мен аккредитивтер туралы хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
5.2. Валюталық операциялар				
185	Валюталық операциялар мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
186	Банкаралық валюта биржаларында операциялар жүргізу туралы құжаттар (биржалық куәліктер, операциялық парақтар, хат алмасу)	5 жыл	5 жыл	
187	Капитал қозғалысымен байланысты валюталық	5 жыл*	5 жыл*	

	операцияларды тіркеу туралы куәліктер			*Инвестициялық операцияны аяқтағаннан кейін
188	Капитал қозғалысымен байланысты валюталық операцияларды жүргізуге өтінімдер	5 жыл*	5 жыл*	*Өтінім шегінде барлық валюталық операциялардың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін
189	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген, шетелдік банктердегі капитал мен шоттар қозғалысы бойынша валюталық шарттарды есептік тіркеу жөніндегі құжаттар (тіркеу куәліктері, хабарлама куәлік, есептік нөмірлер)	5 жыл*	5 жыл*	
190	Валюталық операциялар бойынша есептер:	Тұрақты	Тұрақты	
	1) жылдық;	5 жыл	5 жыл	
	2) тоқсандық;	5 жыл	5 жыл	
	3) айлық	5 жыл	5 жыл	
191	Сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасы тізілімдерінің журналы	3 жыл*	3 жыл*	*Журнал аяқталған күннен бастап
192	Уәкілетті банктің айырбастау пунктерінің қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарламалары, хабарламаларды қабылдау туралы талондар, уәкілетті банктің айырбастау пунктерінің куәліктері	Тұрақты	Тұрақты	
193	Айырбастау пункттерінің тізімдері	Жаңасына ауыстырғанға дейін	Жаңасына ауыстырғанға дейін	
194	Уәкілетті банктің айырбастау пункттерінің қызметі мәселелері бойынша хат алмасу	5 жыл	5 жыл	
195	Жол чектерінің эмитенті банктермен келісімдер	Тұрақты	Тұрақты	
196	Жол чектерінің көшірмелері (сатып алу)	5 жыл	5 жыл	
197	Жол чектері эмитенттерінің бақылау құжаттары	Тұрақты	Қажет болғанға дейін	

198	Жол чектерін инкассоға қабылдау туралы құжаттар (өтініштер, көшірмелер, ілеспе құжаттар)	5 жыл	5 жыл	
199	Жол чектерімен жүргізілетін операциялар кезінде ресімделетін құжаттар (жол чектерінің алынған бланктері бойынша жеке шоттар, хабарлар)	5 жыл	5 жыл	
200	Бастапқы төлем құжаттары - слиптер	5 жыл	5 жыл	
201	Азаматтардың шетел валютасымен айырбастау операциялары бойынша құжаттар (анықтамалар, түбіртектер, ордерлер)	5 жыл	5 жыл	
202	Қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату бағамдарын белгілеу туралы өкімдер	3 жыл	3 жыл	
